КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 қыркүйек іс № 3514-24-00-2/4126 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Жума» Жумагул Адилхановна Ашимбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ ол бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШТІ:
«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «Жума» Жумагул Адилхановна Ашимбаеваны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ЖАСА» «Жума» Жумагул Адилхановна Ашимбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2024, судья Тастанбаева Г. О., 18.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Дара кәсіпкер «Жума» Жумагул Адилхановна Ашимбаевадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2024, судья Тастанбаева Г. О., 18.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -